

Қазақстан Республикасы
Қаржы иминистрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті
төрағасының
2013ж. "23" қаңтардағы
№ 32 бұйрығымен бекітілді

**"QazExpoCongress" ұлттық компаниясы"
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2013 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы "QazExpoCongress" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:
мемлекеттік тілде – "QazExpoCongress" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

орыс тілінде - "QazExpoCongress" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы

ағылшын тілінде - "QazExpoCongress" National company" Joint Stock Company

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде "QazExpoCongress" ҰК" АҚ;

орыс тілінде АО "НК "QazExpoCongress".

ағылшын тілінде - "QazExpoCongress" NC" JSC.

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 53/2-ғимарат.

1.4-тармақ ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

1.4-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 44 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

1.4-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 345 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

1.4-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 266 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

1.1, 1.2, 1.3 және 1.4-тармақтар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № 34 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам

"Астана ЭКСПО-2017" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысымен құрылды.

2.2. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі (Жалғыз акционер) қоғам акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын тиісті қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2.2-тармақтың екінші бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 05 мамырдағы № 376 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

2.2-тармақтың 2-абзацы ҚР Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № 34 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

2.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндет алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.4. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

2.5. Қоғам өз қызметінде j1:1005029.0%20Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, "Мемлекеттік мүлік туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңдарын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.5-тармақ ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды;

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен еншілес ұйымдар мен филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары

3.1. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

3.2. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның Жарғысымен танысуға құқылы.

4. Қоғам қызметінің мақсаттары мен түрлері

4.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары:

1) Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау және өткізу;

2) ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі аяқталғаннан кейін ЭКСПО-2017 объектілерін пайдалану және пайдалану.

4.2. Қоғам қызметінің түрлері:

1) Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі – ЭКСПО-2017) ұйымдастыру және өткізу;

2) ЭКСПО-2017 "Болашақ энергиясы" тақырыбын дамыту және ілгерілету;

3) ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мәселелерді көздейтін тіркеу деректерінің мазмұндық бөлігін іске асыру;

4) ЭКСПО-2017 ұйымдастыру және өткізу шеңберінде Қоғам әріптесінің брендін ілгерілетуге және танымал етуге қатысу және/немесе қызметтер көрсету;

5) ЭКСПО-2017 көрмесіне келушілер мен қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) ЭКСПО-2017 аумағында орналасқан объектілердің құрылысын қаржыландыру;

6-1) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде көтерме-тарату орталықтарын салуды қаржыландыру;

6-2) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде көтерме-тарату орталықтарын басқару;

ҚР Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 99 бұйрығына сәйкес 4.2-тармақ 6-1), 6-2) тармақшалармен толықтырылды.

7) ЭКСПО-2017 инфрақұрылымы мен объектілерінің құрылысын жобалау және салуды қамтамасыз ету;

8) ЭКСПО-2017 нысандарының құрылысына инвестициялар тарту;

9) ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыру және өткізу мақсатында мейрамханалары бар қонақ үй қызметтерін ұсыну;

10) меншікті жылжымайтын мүлікті жалға алу және пайдалану;

11) ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыру және өткізу мақсатында деректерді орналастыру және қайта өңдеу бойынша қызметтер;

12) ЭКСПО-2017 аумағында WiFi желісіне, оптикалық-талшықты желілерге қолжетімділікті қамтитын байланыс құралдарын дамыту және байланыс қызметтерін көрсету.

4.2-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 24 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

13) халықаралық көрмелерге, оның ішінде 1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда көзделген көрмелерге қатысу;

14) халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын қоғамның меншікті жылжымайтын мүлкін жалға алу және басқару жолымен көрмеден кейін пайдалану;

15) инвестицияларды тарту, ЭКСПО-2017 аумағында орналасқан

және/немесе қызметін жүзеге асыратын жобаларды, сондай-ақ ЭКСПО-2017 аумағында орналасқан объектілерді дербес қаржыландыру;

4.2-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 266 бұйрығына сәйкес 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылды.

16) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде конгресс-көрме, сауда-көрме іс-шараларын өткізу және ұйымдастыру.

4.2-тармақтың 16) тармақшасы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 149 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

4.3. Лицензияның немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге де түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-бөлім ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

5. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

5.1. Қоғамның жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Қоғамның Жарғысы айқындаған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүлікке;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына конвертацияланатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.

5.2. Жалғыз акционердің заңнамада және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

5.3. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) Қоғамның тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

6.1. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтары бар және міндеттері болады.

6.2. Қоғамның Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

6.3. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

6.4. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

6.5. Қоғам зияткерлік меншік құқығы объектілерін және басқа да ақпаратты иелену және пайдалану құқығына ие бола алады және сол құқықты бере алады.

6.6. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетел валютасымен қарыздар алуға және кредиттер пайдалануға құқығы бар.

6.7. Қоғамның демеушілік және қайырымдылық қызметпен айналысуға құқығы бар.

6.8. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтары болуы және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

6-бөлім ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

7. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

7.1. Қоғам акцияларды, облигацияларды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді.

7.2. Қоғам қарапайым акцияларды ғана шығарады.

7.3. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

7.4. Жарияланған акциялар саны шегінде қоғамның орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

7.5. Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

7.6. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмауға тиіс Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады.

7.7. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ уәкілетті органға ол бойынша ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында айқындалады.

8. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер.

8.1. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) қоғамның билігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

8.2. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде қабылдайды.

8.3. Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге мынадай жағдайларда жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер төлеуге құқылы емес.

9. Қоғамның органдары

9.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Қоғамның Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган-Қоғам Басқармасы;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

10. Қоғамның Жалғыз акционері

10.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

10.2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне шешімдер белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қабылданатын мәселелер жатқызылған:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту; ;

2) жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруі;

3) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) "алтын акцияны" енгізу және жою;

7) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

10.3. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

4) Қоғам Басқармасының Төрағасын сайлау және өкілеттік мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

5-1) Дивидендтік саясатты бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

10.3-тармақтың 5-1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Вице-министрінің 2016 жылғы 01 маусымдағы № 231 бұйрығына сәйкес толықтырылды.

б) қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

7) Заңда көзделген жағдайлар басталған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

8) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (әдістемені бекіту);

9) Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;

10) Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынуы бойынша құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жетпіс бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

10.3-тармақтың 10) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 05 мамырдағы № 376 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

11) шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.4. Егер Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдауы Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

10.5. Жалғыз акционер, егер Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғам органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

10.6. Жалғыз акционер Жалғыз акционердің шешімі қабылданған күннен бастап он күн ішінде Қоғам алған таза табысты бөлу және Қоғамның мемлекетке тиесілі акцияларына Қоғамның дивидендтерді аударуы туралы шешімді уақтылы қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

11. Қоғамның Директорлар кеңесі

11.1. Директорлар кеңесі Заңда және Қоғамның Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

11.2-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 266 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

11.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
- 6) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

11.3-тармақтың 6) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды;

6-1) Қоғам Басқармасының төрағасын қоспағанда, Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

11.3-тармақтың 6-1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығына сәйкес толықтырылды;

7) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

8-1) орталықтандырылған қызметтің сатып алуды бақылау жөніндегі сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның басшысын тағайындау және оның өкілеттіктерін тоқтату, оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің мөлшері мен өзге де шарттарын айқындау;

11.3-тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № 34 бұйрығына сәйкес 8-1) тармақшамен толықтырылды.

9) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

12) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

12) тармақша ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

13) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің елуден жетпіс бес пайызға дейінгі пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

11.3-тармақтың 13) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 05 мамырдағы № 376 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

14) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

16) Алып тасталды (ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығы);

17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

18) осы Жарғыға және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шешімін Жалғыз акционер және Қоғамның Басқармасы қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

11.3-тармақтың 18) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мерзімге Қоғамның даму жоспарын және Қоғамның атқарушы органы дайындаған және ұсынған даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту;

20) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі үшін Қоғамның он жылдық кезеңге арналған даму стратегиясын қарайды;

21) Қоғамның әкімшілік шығыстарына, оның ішінде еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі бойынша мониторинг жүргізу және бақылау ұйымдастыру;

22) Қоғамның штат санын бекіту;

22) тармақша ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

23) Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер;

24) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

25) Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау.

11.3-тармақтың 25) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 05 мамырдағы № 376 бұйрығына сәйкес толықтырылды.

11.4. Тізбесі осы Жарғының 11.2-тармағында белгіленген мәселелерді шешу үшін Қоғам Басқармасына беріле алмайды.

11.5. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.6. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үштен кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде 30% - ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесін өткізу кворумы Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

Дауыстар тең болған кезде директорлар Кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы

11.7. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

11.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі

Қоғамның Жалғыз акционері бекітетін Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

11.8-тармақ ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

12. Қоғамның атқарушы органы

12.1. Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

12.2. Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы Ережеде айқындалады.

12.3. Қоғам Басқармасының құзыретіне мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кіреді:

- 1) Қоғамның штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- 2) Қоғам Басқармасы жанынан комитеттер құру туралы шешімдер қабылдау;
- 3) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің он пайызынан аспайтын сомаға қарыз алуды тартуы;
- 4) Жалғыз акционер және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 4-1) Қоғамның тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін сатып алу жоспарын бекіту, сондай-ақ оған тиісті бюджеттің (бизнес-жоспардың, кірістер мен шығыстар сметасының) негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

12.3-тармақтың 4-1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 44 бұйрығына сәйкес толықтырылды;

5) нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан кем болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

12.3-тармақтың 5) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 05 мамырдағы № 376 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

6) Қоғамның даму стратегиясын әзірлеу және Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

7) Қоғамның қызметі туралы жылдық есепті дайындау;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 44 бұйрығына сәйкес алып тасталды;

9) Осы Жарғының 11.3-тармағының 14) тармақшасында көзделген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды қоспағанда, өзге заңды тұлғалардың акцияларын және жарғылық капиталға қатысу үлестерін басқаруды жүзеге асыру;

10) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін алдын ала келісу және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша әдіснамалық ұсынымдарды бекіту;

12) Жарғының 11.3-тармақтың б) және 6-1) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау.

12.3-тармақтың 12) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 376 бұйрығына сәйкес толықтырылды.

12.3-тармақтың 12) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды;

13) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

13) тармақ ҚР Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 266 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

12.4. Егер мәміле жасалған кезде тараптардың осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып, Басқарма жасаған мәміленің жарамдылығына Қоғам дау айтуға құқылы.

12.5. Басқарма Директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғамның, оның ішінде құпия сипаттағы қызметі туралы ақпаратты сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

12.6. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.7. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады.

Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істердің жай-күйі туралы хабардар етеді.

Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, сондай-ақ аталған адамның Қоғаммен жасасқан еңбек шартында айқындалады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

12.7-тармақтың 1-бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды;

12.8. Басқарма кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

12.9. Басқарма, әдетте, айына кемінде 1 (бір) рет жиналады.

12.10. Басқарма өз қызметін шешімдер қабылдау арқылы мынадай тәсілдермен жүзеге асырады:

1) отырыста (бетпе-бет отырыс) Басқарма мүшелерінің дауыс беруі арқылы;

2) Басқарма мүшелерінің сырттай шешімімен (сырттай отырыс – сауалнама жолымен);

3) аралас дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Басқарманың отырыстарын өткізу кворумы Басқарманың сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

Басқарманың шешімдері оның отырысына қатысып отырған немесе сырттай отырысқа қатысып отырған басқарма мүшелері санының көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

12.11. Басқарма төрағасы:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы органның және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылар мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Қоғам Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Қоғам Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

7) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаға сәйкес жауапты болады;

8) Қоғамның Жарғысында және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12.11-тармақ ҚР Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

12.12 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі №330 бұйрығына сәйкес алып тасталды.

12-бөлім ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 228 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

13. Қоғамның Ішкі аудит қызметі

13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

13.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

13.3. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді, қоғамның басшылығы мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз қол жеткізе алады.

13.4. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

13.5. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, атқарушы органы мен құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын қоғамның органы болып табылады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

13.6. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша қорытындылар дайындайды.

13.7. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

14. Қоғамның лауазымды тұлғалары

14.1. Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның лауазымды адамдары болып табылады.

14.1-тармақ ҚР Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі №330 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

14.2. Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Қоғам және Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

Қоғамның басқару функцияларын орындайтын лауазымды адамдары мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестіріледі және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауаптылықта болады.

15. Қоғамның қаржылық есептілігі мен аудиті

15.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

15.2. Жылдық қаржылық есептілікке: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба кіреді.

15.3. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті таралымы 30 (отыз) мың данадан асатын бұқаралық ақпарат құралдарында оны Жалғыз акционер бекіткеннен кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жариялайды.

15.4. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Директорлар кеңесі жалғыз акционердің қарауына шығару күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

15.5. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше айқындауға құқылы.

Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

15.6. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

15.7. *Ұлттық экономика вице-министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі №330 бұйрығымен алып тасталды.*

16. Жалғыз акционерге және Қоғамның лауазымды адамдарының өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі

16.1. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.

16.2. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

16.3. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті.

16.4. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін өзі белгілеген тәртіппен уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды адамдары Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Жарғы жаңа редакцияда бекітілген күннен бастап 15 күн ішінде, сондай-ақ үлестестіктің туындауына қарай ол пайда болған күннен бастап 7 күн ішінде ұсынады.

16.5. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті.

17. Қоғамның ақпаратты ашуы

17.1. Қоғам Жалғыз акционердің сұрау салуы бойынша Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын кез келген ақпаратты назарына жеткізеді.

17.2 Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп мыналар танылады:

1) Жалғыз акционер және директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған лицензияларының қолданысын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;

- 7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
- 8) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
- 9) баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын, соның нәтижесінде Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
- 10) Қоғам мен оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауаптылыққа тарту;
- 11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
- 12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 13) Жарғыға, сондай-ақ Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз акционерге Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыру қағазын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

17.3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға тиіс Қоғам мен оның акционерлері өз өзгерістерін және басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдалануға тиіс баспа басылымдары – "Казахстанская правда", "Егемен Қазақстан" газеттері.

17.4. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

17.5. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарын Қоғам оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Қоғам Басқармасы орналасқан жерде сақтауға тиіс.

17.6. Мынадай құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысы, Қоғамның жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Жалғыз акционердің шешімдері (хаттамалары) және олар бойынша материалдар;
- 3) құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (жалғыз құрылтайшының шешімі);
- 4) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 5) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауына лицензиялар;
- 6) Қоғамның өз балансында тұрған (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 7) Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектілері;
- 8) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға ұсынылған есептерді бекіту;
- 9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 10) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай отырыс шешімдерінің) хаттамалары және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған

бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;

11) Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрықтары;

12) бар болса, корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс.

Өзге құжаттар, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

18.1. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

18.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

19. Қорытынды ережелер

19.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерін басшылыққа алады.

19.2. Осы Жарғы ол заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
төрағасы**

Э. Утепов